2005 жылғы 17 қарашада Компания 2025 жылғы 16 қарашаға дейінгі қолданылу мерзімімен Қытай аумағында «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын инвестициялауға, салуға, пайдалануға және жөндеуге патент алды. Осыған орай Компанияның Қытай аумағында филиалы тіркелді.

Компания қуаттылығы жылына 7 миллион тонна болатын «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын салып, 2006 жылғы 28 шілдеде пайдалануға берді. 2008 жылы Компания мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 10 миллион тоннаға дейін ұлғайту үшін қосымша жабдықты пайдалануға берді.

Мұнай құбырын 401,449 метрикалық тонна көлемінде толтыруға арналған технологиялық мұнайды «ПетроЧайна Интернэшнл Қазақстан» ЖШС (бұдан әрі – «ПетроЧайна») берді. Технологиялық мұнай ПетроЧайнаға тиесілі.

2008 жылғы 8 мамырда Компания Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитет берген «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жасауға рұқсат алды және НГСК «ҚазСтройСервис» мен «Чайна Петролеум Пайплайн Инжиниринг Қазақстан» ЖШС-пен екінші кезеңнің бірінші кезегінің жобалық жылдық өткізу қабілеті 10 миллион тонна болатын ұзақтығы 794,263 километр «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын салу жобасын әзірлеуге, материалдарды жеткізуге келісімшарттарға қолдарын қойды.

2009 жылғы 1 шілдеде «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды.

2009 жылғы 7 қазанда Компания бірінші кезеңде жылына 10 миллион тонна жобалық өткізу қабілетімен «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырының алғашқы іске қосу кешенін пайдалануға берді.

Мұнай құбырын толтыруға арналған технологиялық мұнайды Техникалық келісімге сәйкес Жүк жөнелтушілер олардың жалпы жүк айналымындағы үлескерлік қатысуына пропорционалды мөлшерде ұсынады. Технологиялық мұнай қауіпсіз сақтауда болады, меншік құқығы Жүк жөнелтушілерде қалады. Технологиялық мұнайды қайтару Мұнай тасымалдау туралы шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылғаннан кейін немесе технологиялық мұнай көлемін үшінші тұлғаларға мұнай құбырына бергеннен кейін я болмаса технологиялық мұнайға меншік құқығын үшінші тұлғаларға бергеннен кейін немесе «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын пайдалану аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

2010 жылғы 10 желтоқсанда Компания «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің бірінші кезегінің нысандарын пайдалануға беруді аяқтады.

2011 жылы және 2013 жылы Компания «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 20 миллион тоннаға дейін арттыру үшін қосымша жабдықты пайдалануға берді.

2013 және 2014 жылдардың ішінде № 8 мұнай айдау станциясын (бұдан әрі – «МАС») 500 кВ «Ағадыр» шағын станциясының 35 кВ ашық бөлу құрылғысына қосу жұмыстары орындалды, бұл ретте қуаттылығы 40,000 кВА болатын жабдықты салу, монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары орындалып, пайдалануға берілді.

2015 жылғы 2 наурызда Шығыс Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 50.06 километр трасса бойындағы жолдар пайдалануға берілді.

## 1 Жалпы ақпарат (жалғасы)

Компания монополист ретінде қаралады және тиісінше Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің (бұдан әрі – "ТМР") реттеу объектісі болып табылады. Табиғи монополияларды реттеу комитеті пайдаланылатын активтер бойынша шығындарды өтеуге негізделген мұнай тасымалдау жөніндегі тарифтік ставкаларды бекітеді. 2020 жылғы 31 желтоқсанда Табиғи монополияларды реттеу комитеті Төрағасының № 74-НҚ бұйрығымен 2022 жыл бойы қолданыста болған (2021 жылы: тоннасына 4,323 теңге) 2020-2024 жылдар кезеңіне ішкі нарыққа тоннасына 4,359 теңге мөлшерінде 1,000 километрге (ҚҚС-сыз) тариф бекітілді.

2015 жылғы 5 мамырда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жарияланды, соған сай Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында магистральды құбырлар арқылы мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау қызметтері Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар аясына жатпайды. Заң күшіне енгеннен кейін Компанияның мұнайды жоғарыда аталған мақсаттарда тасымалдау бойынша тарифтік мөлшерлемелерді өз бетімен бекітуге құқығы бар. 2016 жылғы 28 желтоқсанда Компания Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында 1.000 километрге тоннасы үшін (ҚҚС-сыз) 6,799 теңге мөлшерінде тариф бекітілген (2021 жыл: 1.000 километрге тоннасы үшін (ҚҚС-сыз) 6,799 теңге).

2022 және 2021 жылдардың ішінде Компания «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры бойынша 1,262 мың тонна мен тиісінше 968 мың тонна мұнайды тасымалдады. Сондай-ақ 2022 және 2021 жылдардың ішінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтерінің арасында 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ресейлік мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бойынша 9,989 мың тонна транзиттік мұнай мен тиісінше 9,989 мың тонна транзиттік мұнай тасымалданды. Осы келісім бойынша мұнайды тасымалдау тарифі Компанияның, ҚазТрансОйл мен «Роснефть» Мұнай компаниясы» ААҚ (бұдан әрі – «Роснефть») арасында жасалған шартқа сәйкес айқындалады.

2022 және 2021 жылдардың ішінде Компания «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры бойынша 8,496 мың тонна мен тиісінше 6,717 мың тонна мұнайды тасымалдады.

Компанияның тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Абай даңғылы, 109В үй.

## 2 Дайындау негізі

Компанияның осы қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына сәйкес әзірленді. Берілген арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік тек Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі туралы Заң және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржылық есептілігі депозитарийінде орналастыру алдында міндет атқару мақсатында дайындалған.

Осы қаржылық есептілік бастапқы құн негізінде әзірленген, оларға сауда дебиторлық берешегі мен әділ құны бойынша бағаланатын негізгі құралдарды қайта бағалауды қоспағанда бастапқы мәні әділ құны бойынша есептелетін қаржылық құралдар кірмейді, оның өзгерісі кіріс және шығыс құрамында және әділ құны бойынша басқа да ортақ табыс арқылы көрініс табады.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылатын есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Бұл қағидаттар, егер басқаша көрсетілмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды.

Бұл қаржы есептілігі теңге өлшемімен жасалған және барлық мәндер басқаша көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мың теңгеге дейін дөңгелектелген. Компанияның функционалды валютасы теңге болып табылады.

## 3 Есеп саясатының маңызды ережелері

Осы қаржылық есептілікті жасау кезінде Компания 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық есептілікте сипатталған, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатын қолданды.

***Шетел валютасын қайта есептеу***

*Операциялар мен қалдықтар*

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда Компаниямен операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын бағам бойынша олардың функционалдық валютасында ескеріледі.

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар пайда мен залалдар туралы есепке қосылады.

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен залал баптың әділ құнының өзгеруі нәтижесінде пайданы немесе залалды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни, әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен пайда мен шығындар өзге жиынтық кірістің не пайданың немесе залалдың құрамында танылатын баптар бойынша бағамдық айырмалар да не өзге жиынтық табыстың құрамында не тиісінше пайданың немесе залалдың құрамында танылады).

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген валюталардың айырбас бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін орташа алынған бағамдар былайша болды:

| *Теңге* | **2022 ж.** | **2021 ж.** |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | 460.93 | 426.06 |
| Ресей рубілі | 6.92 | 5.78 |
| Еуро | 485.29 | 503.96 |
| Қытай юані | 68.61 | 66.07 |

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары мынаны құрады:

| *Теңге* | **31 желтоқсан 2022 ж.** | **31 желтоқсан 2021 ж.** |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | 462.65 | 431.80 |
| Ресей рубілі | 6.43 | 5.76 |
| Еуро | 492.86 | 489.10 |
| Қытай юані | 66.73 | 68.00 |

## 4 Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар

Компанияның қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компанияның тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктері туралы басқа да ақпараттың ашылып көрсетілуі келесі ескертпелерде келтірілген:

- ықтимал және шартты міндеттемелер (17-ескертпе);
- қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты (18-ескертпе);
- сезімталдылықты талдау туралы ақпараттың ашылып көрсетілуі (18-ескертпе).

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Компанияның болжаулары мен бағалау мәндері ол қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Компания бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың жасалуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

***Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі***

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдерін бағалау дегеніміз - ұқсас активтермен жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып. Активтерге тән болашақ экономикалық пайда негізінен пайдалану арқылы жұмсалады. Алайда, техникалық немесе коммерциялық ескіру және тозу сияқты басқа факторлар көбінесе активтерге тән экономикалық пайданың төмендеуіне әкеледі. Басшылық қалған пайдалы қызмет мерзімдерін активтердің ағымдағы техникалық жағдайына және күтілетін активтер Компанияға осындай пайда әкеледі деп күтілетін кезеңге сәйкес бағалайды.

***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы***

Компания негізгі құралдардың осындай активтердің құнсыздану белгілері бар-жоғын анықтау үшін баланстық құнын тексереді. Негізгі құралдардың және барлық басқа қаржылық емес активтердің баланстық құны баланстық құнын қалпына келтіруге болмайтын кез келген белгі болған кезде құнсыздануға қайта қаралады.

Құнсыздануға тексеру кезінде өтеу сомасы екі өлшемнің үлкен көлемі бойынша бағаланады: «Пайдалану құны» (яғни, ақша қаражаттарын өндіруге қатысты баптан күтілетін болашақ ақша ағындарының таза дисконтталған құны) және «сату шығындарын шегергендегі әділ құн» (активті сатудан алынатын сома немесе шығыс шығындарын шегергенде, білімді, ерікті және тәуелсіз тараптар арасындағы ұзақ мерзімді мәміледе ақша ағындарын тудыратын бап). Байланысты сатып алу- сату шарты немесе белсенді нарық болмаған жағдайда, сату шығындарын шегергендегі әділ құн Компанияның ұзақ мерзімді мәміледегі ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін зат үшін алатын сомасын көрсететін қолда бар ең жақсы ақпарат негізінде анықталады.

Ақша қаражаттарын қозғалысқа келтіретін объект дегеніміз - басқа активтерден немесе активтер топтарынан («ақша қаражаттарын қозғалысқа келтіретін бірліктер») ақша қаражатының түсуіне айтарлықтай тәуелді емес ақша ағындарын тудыратын ең кіші анықталатын активтер тобы. Құнсызданудың қандай да бір индикаторлары анықталғанын анықтау үшін және қажет болған жағдайда құнсыздану сынағын өткізу үшін басшылық Компанияның барлық негізгі құралдарының бірыңғай ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлік екенін анықтады.

Құнның төмендеуін бағалау кезінде пайдаланылатын бағалау құрылтайшының бекітілген бюджеті, мұнай тасымалдаудың болжамды ставкалары және 36 Активтердің құнсыздануы (IAS) ХҚЕС-тың талаптарына сәйкестендірілген. Болашақ ақша ағындары мыналарға негізделеді:

- тасымалданатын мұнайдың болжамды көлемдері;
- транзиттік мұнай тасымалдау, экспорттық және ішкі нарық үшін болжамды тарифтер, сонымен қатар;
- тасымалдаудың болашақ өзіндік құны, күрделі және операциялық шығындар.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания талдау жүргізді және құнсыздану индикаторларын (белгілерін) таппады.

## 4 Елеулі бухгалтерлік пайымдаулар, бухгалтерлік бағалау және болжамдар (жалғасы)

*Негізгі құралдарды қайта бағалау*

Компания негізгі құралдарды артық бағаланған құн бойынша ескереді. 2022 жылы Компания "ААР-Эдвайзори энд Рисерч" ЖШС құрамындағы Консорциумды "Бағалау және Сараптама" ЖШС-мен ("бағалаушы") бірлесіп 2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша негізгі құралдарды қайта бағалауды жүргізу үшін тартты. Бағалаушының кәсіби біліктілігі, сондай-ақ тиісті тәжірибесі бар.

Негізгі құралдардың әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатады (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Қайта бағалаудың қолданылған әдістемесі бастапқыда амортизацияланатын ауыстыру құнын бағалауға негізделген («шығынды әдіс»). Шығынды әдіс, егер бағаланатын объект жаңа болса немесе құрылыс сатысында болса, сатылуы мүмкін бағалар туралы ақпарат алу мүмкін болмайтын нарығы шектеулі объектілерге (мамандандырылған объектілерге) жатады (белсенді нарық болмаған жағдайда).

Компания мүлкінің көп бөлігі мамандандырылған мүлікке жатады, оны басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін балама пайдалану мүмкін емес. Бағаланатын активтерге ұқсас активтермен мәмілелер жоқ.

Шығынды әдісті қолданған кезде белгілі бір негізгі элементтер ескеріледі, мысалы:

- активтің ерекшелігін, оның қызметі мен ортасын түсіну;
- пайдалы қызметтің қалған мерзімін (физикалық тозуды бағалау үшін) және активтің пайдалы қызметінің экономикалық мерзімін анықтау үшін зерттеу және талдау;
- қаржы-шаруашылық қызметінің талаптарын білу (функционалдық немесе техникалық ескіруді бағалау үшін);
- қолда бар нарықтық деректерге қол жеткізу арқылы негізгі құралдар туралы хабардар болу; құрылыс технологиялары мен материалдарын білу( қазіргі заманғы баламалы активтің құнын бағалау үшін); және
- экономикалық/сыртқы ескірудің құнға әсерін анықтау үшін жеткілікті білім.

Бағалау шеңберінде бағалаушы компанияның негізгі құралдарының мамандандырылған объектілерінің экономикалық тозуын талдау кезінде кіріс әдісін пайдалана отырып, барабар табыстылыққа тест жүргізді, нәтижесінде пайдалану құны 222,414,036 мың теңге мөлшерінде айқындалды.

Барабар кірістілік пайдалану құнын бағалау арқылы есептелді. Пайдалану құнын есептеу кезінде келесі негізгі болжамдар қолданылды:

| | |
|---|---|
| Мөлшерлеме | 16.51% |
| Негізгі активтің қалдық қызмет ету мерзімі (Атасу – Алашаньков) | 14 жыл |
| Негізгі активтің қалдық қызмет ету мерзімі (Кеңқияқ-Құмкөл) | 17 жыл |

Амортизацияланған ауыстыру құны алынған пайдалану құнынан төмен болды, сондықтан компанияның негізгі құралдарының әділ құны ретінде көрсетілді. Пайдалану құндылығын бағалау нәтижелері ұсынылатын қызметтерді іске асыру көлеміне, ұсынылатын қызметтерге тарифтер деңгейіне және АҚШ доллары бағамының ауытқуына қатысты болжамдарға сезімтал:

| *Мың теңгемен* | Арттыру /(азайту) | Пайдалану мәнін |
|---|---|---|
| Тасымалдау көлемінің өзгеруі | +10.00%/(10.00%) | 40,286,141/(40,414,943) |
| Өндіріс шығындарының өзгеруі | +10.00%/(10.00%) | (12,106,592)/12,049,580 |
| Тарифтердің өзгеруі | +10.00%/(10.00%) | 40,368,203/(40,500,876) |
| Дисконттау мөлшерлемесін өзгерту | +1.50%/(1.50%) | (12,412,623)/13,813,338 |

Қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдардың барлық топтары бойынша құнсызданудан болған залалды қалпына келтірудің 250,183 мың теңге мөлшеріндегі таза сомасы пайда мен залалдар шотына жатқызылды, ал негізгі құралдарды қайта бағалау сомасы 22,987,858 мың теңге мөлшерінде капитал құрамындағы қайта бағалау жөніндегі резерв шотына жатқызылды.

Жиналған тозу негізгі құралдардың баланстық құнына есептелді және таза сома негізгі құралдардың артық бағаланған құнына келтірілді.

## 4 Елеулі бухгалтерлік пайымдаулар, бухгалтерлік бағалау және болжамдар (жалғасы)

***Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемесі***

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген *«Магистральдық құбыр туралы»* Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компанияның пайдалану аяқталғаннан кейін магистралдық құбырды (мұнай құбырын) жою жөніндегі және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жер құнарлығын қалпына келтіру жөніндегі заңды міндеттемесі бар. Жер құнарлығын қалпына келтіру іс-шарасы мұнай құбырларының пайдалы қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оларды ауыстыру кезінде жасалады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін объектілердің операторлары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуге міндетті. Компанияда магистральдық құбырдың желілік бөлігіне қосымша құбыр жұмысының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да объектілер бар. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің шешімімен Компанияның мұндай объектілері қоршаған ортаға орташа теріс әсер ететін II санаттағы объектілерге жатқызылды. Тиісінше, жерді пайдаланудан және рекультивациялаудан активтерді шығару жөніндегі міндеттеме осы объектілерге қатысты қажетті іс-шараларды жүргізуге арналған бағалау шығындарын қамтиды.

Жерді пайдаланудан және рекультивациялаудан активтерді шығару жөніндегі міндеттемеге арналған Резерв Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген техникалық қағидалар мен нормаларға сәйкес объектілерді бөлшектеу және жерді рекультивациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізудің Компания есептеген құны негізінде бағаланады.

Төменде активтерді пайдаланудан шығару және жерді рекультивациялау жөніндегі міндеттемелер бойынша резервтің қозғалысы келтірілген

| *Мың теңге* | **2022 ж.** | **2021 ж.** |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға | 12,122,659 | 10,668,868 |
| Негізгі құралдардың құнына жатқызылған бағаларды тану | 2,636,566 | - |
| Басқа жиынтық табысқа жатқызылған бағалардың өзгеруі | (4,323,246) | 761,651 |
| Жеңілдік амортизациясы | 846,763 | 692,140 |
| **31 желтоқсанға** | **11,282,742** | **12,122,659** |

Резервтердің сомасы міндеттемені орындаудың күтілетін мерзімі ішіндегі инфляцияның болжанатын мөлшерлемесі және төменде көрсетілген есепті жылдың аяғындағы дисконт мөлшерлемесі қолданыла отырып, есепті кезеңнің аяғында анықталды.

| | **2022 ж.** |
|---|---|
| Құбырдың 1 шақырымын бөлшектеу құны | 7,740 мың теңге |
| Дисконттау мөлшерлемесі | 10.41% |
| Инфляция мөлшерлемесі | 6.04% |
| «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры бойынша міндеттемені орындау мерзімі | 17 ж. |
| «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры бойынша міндеттемені орындау мерзімі | 14 ж. |

Дисконттау мөлшерлемесін есептеу амалы инфляцияның және елдік тәуекелдің ұзақ мерзімді мөлшерлемесіне түзетілген, АҚШ-тың мемлекеттік облигациялары бойынша тәуекелсіз мөлшерлемелерге негізделеді.

Залалды жою жөніндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманың интерпретацияларында ықтимал өзгерістерге ұшырағыш. Бұдан басқа, осындай шығындарды бағалаудағы белгісіздіктер баламаларда, жою, бұзылған жерді қалпына келтіру әдістеріндегі ықтимал өзгерістерді, дисконт деңгейлері мен инфляция мөлшерлемесін және осы міндеттеме басталатын кезеңді қамтиды.

## 4 Елеулі бухгалтерлік пайымдаулар, бухгалтерлік бағалау және болжамдар (жалғасы)

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемелерінің елеулі жорамалдардың өзгеруіне сезімталдылығын талдау былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **Мөлшерлеменің (азаюы)/ұлғаюы** | **Міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)** |
|---|---|---|
| *Дисконттау мөлшерлемесі* | (0.5%) | 782,963 |
| | +0.5% | (728,431) |
| *Инфляция мөлшерлемесі* | (0.5%) | (819,553) |
| | +0.5% | 880,021 |

***Оң немесе теріс теңгерімсіздік***

ҚР СТ 1476-2015 (Магистральдық мұнай құбырлары мұнайдың есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа) сәйкес Компания және мұнайдың нақты болуын есепке алу деректерімен салыстырады, мұнай (бұдан әрі – тауар-материалдық құндылықтар) жылына бір рет, 31 желтоқсанда Мәскеу уақытымен 00:00-ге дейін магистральдық мұнай құбырлары жүйелерінде мұнайдың нақты болуын анықтайды. Түгендеу кезінде мұнай массасы магистральдық мұнай құбырларының сызықтық бөлігінде және технологиялық құбырларда анықталады. Мұнай массасы құбырдағы мұнайдың орташа қысымы мен орташа температурасына байланысты коэффициенттерді қолдана отырып алаңдағы нақты температура мен қысымға дейін азайтылған орташа мұнай тығыздығының өнімі ретінде анықталады.

Жеткізілген және алынған мұнай балансының қателігімен байланысты шығындар баланстың кіріс және шығыс бөліктері (теңгерімсіздік) арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және артық (оң теңгерімсіздік) және жетіспеушілік (теріс теңгерімсіздік) түрінде көрінеді және атқарушы баланстың жеке жолында.көрініс табады.

Компания қаржылық есептілікте оң теңгерімсіздікті мойындамайды, өйткені теңгерімсіздікке заңды түрде бекітілген құқықтың болмауына байланысты Компания активті басқара алмайды.

## 5 Операциялар бойынша қалдықтар және байланысты тараптармен операциялар

Байланысты тараптардың анықтамасы 24 ХҚЕС-те (IAS) *«Байланысты тараптар туралы есептілікті ашып көрсету»* келтірілген. Егер тараптардың бірінің басқа тарапты бақылауға, бірлескен бақылауда болуға мүмкіндігі болса немесе қаржы-шаруашылық қызметтің мәселелері бойынша ол қабылдайтын шешімдерге айтарлықтай ықпал ете алса немесе оған бақылау жасай алса, тараптар әдетте байланысты болып есептеледі.

Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының сипаты да ескеріледі. Тікелей бас компаниялар және Компанияға түпкі бақылау жасайтын тараптар туралы мәліметтер *1-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Бұл қаржылық есептіліктің мақсатында Компанияның байланысты тараптарына меншік иелері, олардың еншілес компаниялары және меншік иелерінің жалпы бақылауындағы / елеулі ықпалындағы компаниялар жатады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **Құрылтайшы компаниялар** | **Самұрық-Қазына және CNPC бақылауын-дағы/елеулі ықпалындағы компаниялар** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|
| Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі | 6,224 | 46,745 | 52,969 |
| Байланысты тараптардан мұнайды тасымалдау үшін алынған аванстар | - | 3,509,893 | 3,509,893 |
| Байланысты тараптардың алдындағы кредиторлық берешек | 1,223,099 | 285,852 | 1,508,951 |

## 5 Операциялар бойынша қалдықтар және байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен болған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Құрылтайшы компаниялар | Самұрық-Қазына және CNPC бақылауындағы/елеулі ықпалындағы компаниялар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Кірістер | 159,495 | 30,452,511 | 30,612,006 |
| Шығыстар: | | | |
| - Мұнай құбырларына қызмет көрсету бойынша қызметтер | 11,640,009 | 1,073,989 | 12,713,998 |
| - Басқа да қызметтер | 88,550 | 451,809 | 540,359 |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Құрылтайшы компаниялар | Самұрық-Қазына және CNPC бақылауындағы/елеулі ықпалындағы компаниялар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі | 6,113 | 34,204 | 40,317 |
| Байланысты тараптардан мұнайды тасымалдау үшін алынған аванстар | - | 3,218,107 | 3,218,107 |
| Байланысты тараптардың алдындағы кредиторлық берешек | 955,795 | 87,513 | 1,043,308 |

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен болған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Құрылтайшы компаниялар | Самұрық-Қазына және CNPC бақылауындағы/елеулі ықпалындағы компаниялар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Кірістер | 54,580 | 23,009,916 | 23,064,496 |
| Шығыстар: | | | |
| - Мұнай құбырларына қызмет көрсету бойынша қызметтер | 8,765,011 | - | 8,765,011 |
| - Күрделі жұмсалым шығыстар | - | 10,223 | 10,223 |
| - Күзету қызметтері | - | 74,441 | 74,441 |
| - Басқа да қызметтер | 134,393 | 320,632 | 455,025 |

***Басқарма мүшелеріне сыйақылар***

Басқарманың алты мүшесіне олардың тұрақты атқарушы басшылық лауазымдарындағы қызметтері үшін төленген сыйақы жалақының келісімшарттық сомасы мен сыйлықақыдан тұрады. 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін пайда немесе залалдар туралы есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасы 220,589 мың теңге (2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін: 148,353 мың теңге) болды.

## 6 Негізгі құралдар (121 жол)

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша негізгі құралдар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Жер | Үйлер мен ғимараттар | Машиналар мен құрал-жабдықтар | Құбыр | Басқа көлік құралдары | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 ж. 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн** | **78,157** | **48,912,845** | **41,803,144** | **136,896,929** | **192,392** | **816,493** | **5,242,417** | **233,942,377** |
| Түсімдер | - | - | 263,672 | - | - | 60,075 | 2,311,916 | 2,635,663 |
| Ауыстыру | - | (5,386,362) | 7,483,076 | (597,162) | 26,432 | 864,780 | (2,390,764) | - |
| Есептен шығару | - | (17,841) | (91,779) | (3,906) | - | (69,791) | - | (183,317) |
| **2021 ж. 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн** | **78,157** | **43,508,642** | **49,458,113** | **136,295,861** | **218,824** | **1,671,557** | **5,163,569** | **236,394,723** |
| Түсімдер | - | 2,636,566 | 264,483 | - | - | 28,817 | 606,359 | 3,536,225 |
| Ауыстыру | - | 144,752 | 307,860 | - | - | 137,792 | (590,404) | - |
| Есептен шығару | - | - | (615) | (414) | - | (2,324) | (17,857) | (21,210) |
| Қайта бағалау кезінде жинақталған тозуды есептен шығару есебінен бастапқы құнын төмендету | - | (8,442,048) | (14,178,070) | (22,739,206) | (159,543) | (755,895) | - | (46,274,762) |
| Негізгі құралдарды қайта бағалау | 16,568 | 1,979,448 | 15,418,693 | 5,198,847 | 155,224 | 219,078 | - | 22,987,858 |
| Жиынтық табыс туралы есепте көрсетілген құнсыздану | - | (1,210,036) | (419,623) | - | - | (160,473) | (26,446) | (1,816,578) |
| Жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген құнсыздануды қалпына келтіру | - | 1,073,830 | 936,740 | 4,542 | 34,608 | 17,041 | - | 2,066,761 |
| **2022 ж. 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн** | **94,725** | **39,692,090** | **51,787,759** | **118,759,630** | **249,113** | **1,155,615** | **5,135,221** | **216,874,153** |
| **2020 ж.31 желтоқсанына жинақталған тозу және құнсыздану** | **-** | **(4,067,736)** | **(5,781,000)** | **(10,053,573)** | **(70,951)** | **(184,638)** | **(986,098)** | **(21,143,996)** |
| Кезеңдегі амортизациялық аударымдар | - | (2,611,743) | (4,593,986) | (7,189,964) | (48,110) | (267,010) | - | (14,710,813) |
| Жою және көшіру бойынша амортизация | - | 4,250 | 19,122 | 2,553 | - | 44,922 | - | 70,847 |
| Ауыстыру | - | 422,445 | (383,528) | 90,004 | (10,834) | (118,087) | - | - |
| **2021 ж. 31 желтоқсанына жинақталған тозу және құнсыздану** | **-** | **(6,252,784)** | **(10,739,392)** | **(17,150,980)** | **(129,895)** | **(524,813)** | **(986,098)** | **(35,783,962)** |
| Кезеңдегі амортизациялық аударымдар | - | (2,896,939) | (4,959,833) | (7,492,073) | (49,757) | (315,043) | - | (15,713,645) |
| Жою және көшіру бойынша амортизация | - | 8,443,340 | 14,175,664 | 22,739,206 | 159,543 | 755,873 | - | 46,273,626 |
| Ауыстыру | - | - | 352 | 60 | - | 2,324 | - | 2,736 |
| **2022 ж. 31 желтоқсанына жинақталған тозу және құнсыздану** | **-** | **(706,383)** | **(1,523,209)** | **(1,903,787)** | **(20,109)** | **(81,659)** | **(986,098)** | **(5,221,245)** |
| **2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | | | | | | | | |
| Қайта бағаланған құн | 94,725 | 39,692,090 | 51,787,759 | 118,759,630 | 249,113 | 1,155,615 | 5,135,221 | 216,874,153 |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | - | (706,383) | (1,523,209) | (1,903,787) | (20,109) | (81,659) | (986,098) | (5,221,245) |
| **Баланстық құны** | **94,725** | **38,985,707** | **50,264,550** | **116,855,843** | **229,004** | **1,073,956** | **4,149,123** | **211,652,908** |
| **2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | | | | | | | | |
| Қайта бағаланған құн | 78,157 | **43,508,642** | **49,458,113** | **136,295,861** | **218,824** | **1,671,557** | **5,163,569** | **236,394,723** |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | - | **(6,252,784)** | **(10,739,392)** | **(17,150,980)** | **(129,895)** | **(524,813)** | **(986,098)** | **(35,783,962)** |
| **Баланстық құны** | **78,157** | **37,255,858** | **38,718,721** | **119,144,881** | **88,929** | **1,146,744** | **4,177,471** | **200,610,761** |

## 6 Негізгі құралдар (121 жол) (жалғасы)

*Амортизациялық аударымдар*

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|---|
| Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 12 | 15,605,967 | 14,601,734 |
| Әкімшілік шығыстар | 13 | 107,678 | 109,079 |
| **Амортизациялық аударымдар жиыны** | | **15,713,645** | **14,710,813** |

Егер негізгі құралдар тарихи құны бойынша ескерілсе, төменде солар жөніндегі ақпарат келтірілген:

| *Мың теңгемен* | Жер | Үйлер мен ғимараттар | Машиналар мен құрал-жабдықтар | Құбыр | Басқа көлік құралдары | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2021 ж. 31 желтоқсанына** | | | | | | | | |
| Құны | 5,361 | 49,132,140 | 71,884,507 | 146,618,223 | 674,175 | 2,761,890 | 5,163,570 | 276,239,866 |
| Жинақталған амортизация | - | (22,388,023) | (44,386,707) | (58,097,061) | (631,951) | (1,780,459) | (986,098) | (128,270,299) |
| **Таза баланстық құны** | **5,361** | **26,744,117** | **27,497,800** | **88,521,162** | **42,224** | **981,431** | **4,177,472** | **147,969,567** |
| **2022 ж.31 желтоқсанына** | | | | | | | | |
| Құны | 5,361 | 51,215,906 | 71,965,483 | 142,956,256 | 674,175 | 2,772,868 | 5,161,667 | 274,751,716 |
| Жинақталған амортизация | - | (24,293,583) | (47,047,929) | (63,034,975) | (644,577) | (1,874,207) | (1,012,544) | (137,907,815) |
| **Баланстық құны** | **5,361** | **26,922,323** | **24,917,554** | **79,921,281** | **29,598** | **898,661** | **4,149,123** | **136,843,901** |

## 7 Банктік депозиттер (015 жол)

2022 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банк депозиттері былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | 31 желтоқсан 2022 ж. | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі 12 айға дейін болатын мерзімді депозиттер | 21,749,478 | 20,170,329 |
| Алынуға жататын қысқа мерзімді сыйақылар | 112,711 | 97,632 |
| Резервтер | (5,852) | (6,377) |
| **Банк депозиттерінің жиыны** | **21,856,337** | **20,261,584** |

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімді депозиттер АҚШ долларында орналастырылды. 2020 жылы тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.8% құрады (2021 жылы - жылдық 0.5%).

## 8 Ақша қаражаты мен оның баламалары (010 жол)

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 31 желтоқсан 2022 ж. | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| Банктердегі ақша қаражаты – валютада | 13,987,697 | 48,741,002 |
| Банктердегі ақша қаражаты – теңгемен | 3,232,503 | 8,142,480 |
| Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты – теңгемен | 648,270 | 1,509,499 |
| Корпоративтік карталардағы ақша қаражаты | 3,303 | 6,013 |
| Резервтер | (289) | (604) |
| **Ақша қаражатының және олардың баламаларының жиынтығы** | **17,871,484** | **58,398,390** |

## 8 Ақша қаражаты мен оның баламалары (010 жол) (жалғасы)

Валютадағы ақша қаражаты мынадай шетел валюталарында көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 31 желтоқсан 2022 ж. | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | 13,887,328 | 48,326,145 |
| Қытай юані | 100,369 | 414,857 |
| **Банктегі ақша қаражатының жиыны – валютамен** | **13,987,697** | **48,741,002** |

## 9 Кредиттер мен қарыздар

Компанияның 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздары былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 31 желтоқсан 2022 ж. | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі (210 ЖОЛ) | 33,900,576 | 44,617,184 |
| Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі (310 ЖОЛ) | 32,197,304 | 94,393,053 |
| Кредиттер мен қарыздар жиынтығы | **66,097,880** | **139,010,237** |

***Қаржылық қызметке негізделген міндеттемелердегі өзгерістер***

2022 жылға арналған қаржылық қызметке негізделген міндеттемелердегі өзгерістер келесі түрде ұсынылады:

| *Мың теңгемен* | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| 2020 жылдың 1 қаңтарына | 139,010,237 | 169,196,139 |
| Ақша ағындары | (87,264,738) | (38,248,826) |
| Сыйақы ағындары | 4,593,301 | 4,750,239 |
| Капиталданддырылған сыйақы | - | 3,951 |
| Валюта бағамдарының өзгеруі | 10,177,090 | 3,740,885 |
| Төлем кезінен КТС | (418,010) | (432,151) |
| **31 желтоқсанға** | **66,097,880** | **139,010,237** |

***Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ***

2018 жылғы 27 маусымда Компания агент ретінде әрекет ететін «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ-мен бірлесіп Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкімен несие шартын жасады. Қарыз сомасы 540 миллион АҚШ доллары болды (баламасы 191,756,400 мың теңге), қарыз кезеңі – мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен 6 жыл. Бұл қарыздың мақсаты Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі мен АйЭнДжи Банка Н.В. және Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі мен «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ-нан қарыздарды қайта қаржыландыру болып табылады. Компания 1,715,867 мың теңге (5,010 мың АҚШ доллары) мөлшерінде қарызды ұйымдастыру шығындарын көтерді. 2022 жылғы 31 желтоқсанда және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айда қолданылатын тиімді мөлшерлемелер тиісінше 4.71% және 2.89% құрады.

2022 жылғы 3 тамызда Компания агент ретінде әрекет ететін " Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіптік банкі" АҚ-мен Қытайдың сауда-өнеркәсіп банкі бірлесіп, кредиттік шарт бойынша негізгі қарыз 80 млн АҚШ долларын (төлем күніне 38,063,200 мың теңгеге баламалы) мерзімінен бұрын өтеді.

## 10 Үшінші тараптардан мұнай тасымалдағаны үшін алынған аванстар

